

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ  
«Ы.ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КҮРІШ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ» ЖШС

«Қызылорда облысы жағдайы бойынша бақша  
дақылдарын өсірудің агротехнологиялық  
шаралары»

*Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш  
шаруашылығы ҒЗИ  
Басқарма төрағасы*

*С.Т.Тәуіпбаев*

*Лектор – Көкөніс-бақша және картоп дақылдарының  
бөлім меңгерушісі, ауылшаруашылығы ғылымдарының  
кандидаты, ҚР ҰАҒА мүшесі*



*Қ.Б. Бегалиев*


Қызылорда қаласы, 2025 ж

## Қызылорда облысы жағдайы бойынша бақша дақылдарын өсірудің агротехнологиялық шаралары

Бұрынғы (СНГ) ТМД елдері бойынша бақша дақылына налынатын өнім мен көлемі дүние жүзі бойынша бірінші орында болды. Бақша дақылы өте жылы сүйгіш дақыл, сол себептен де оңтүстік аудандарда егіліп, солтүстік аудандарға түрлі көлік түрлерімен тасымалданды. Түрлі цехтар мен шағын өңдеу түрлері арқылы халыққа бай дәрумендер мен балғын және түрлі терең өңделген өнімдері мен жыл он екі ай қамтамасыз етіліп отырды. Бақша дақыл өнімдері түрі мен сорттарына байланысты, түсі, дәмі, аромат иістері, етінің консистенциясы, формасы өсу дәуірлері сан алуан. Қызылорда өңірінің экологиялық апат аймағын ескере отырып, бақша дақыл өнімдерінің түрлі дәрумендерге бай екендігін ескере отырып, дақылдың көлемі мен өнімділігін арттыру шаралары аса маңызды.

Соңғы жылдары селекционерлер қауынның отандық сорттарын шағыру және отандық шығарылған сорттардың сол аймаққа бейімделген сорттық агротехникалық шараларын анықтай отырып, өндіріске еңгізу бағытында ғалымдар орасан зор өз үлестерін қосуда, атап айтқанда отандық сорттар Сырдария, Балшекер, Дәмелі, Алтайыр сорттары шығарылып халықтың сұранысын қанағаттандырумен қатар экспорттік әлеуетіне ие болуда.

Бақшалықтар қысқа күнді және өте жарық сүйгіш дақылдар. Бақшалық дақылдар ылғалды өте қаж еткенімен, құрғақшылыққа да төзімді. Олардың құрғақшылыққа төзімділігі тамыр жүйелерінің жақсы жетілуі мен тамыр түктері жасушалары күшінің көптілігі, мықтылығынан. Тамыр жүйесінің осындай ерекшелігіне байланысты бақшалықтар құрғақшылық жағдайда басқа дақылдар өнімі түсіп кетіп, немесе өліп қалып жатқанда өздерін жақсы сезінеді.



Бақшалық дақылдардың тағы бір ерекше биологиялық қасиеті —олардың қажет кезде жемісіндегі ылғалды сабағына беретіндігі. Бақшалық дақылдар ылғалдың көптігін, оның жетіспеуінен көрі нашар көтереді. Топырақта ылғал көп болғанда тамыр жүйелері нашар жетіледі. Су басып қалған жағдайда өсімдік су көптігінен емес, ауаның жетіспеуінен тұншығып

өледі. Топырақ тұздануына бақшалық түрлері мен сорттары, тұздану түрі мен агротехниғаға байланысы түрліше әрекет етеді.